

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 3 маусым 2025 жыл

Мамыр айында «ҚазТрансОйл» компаниясы Германияға 230 мың тонна қазақстандық мұнай жеткізуді қамтамасыз етті

2025 жылдың мамырында «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы «Адамова застава» мұнай жеткізу пунктіне әрі қарай Германияға жеткізу үшін тасымалданған қазақстандық мұнай көлемі 230 мың тоннаны құрады.

Қазақстан мұнайының транзитін Ресей Федерациясының аумағы арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ және «Транснефть» компаниясы қамтамасыз етеді. Одан кейін мұнай Беларусь Республикасының аумағы арқылы «Гомельтранснефть Дружба» ААҚ құбыр жүйесімен «Адамова Застава» мұнай тапсыру пунктіне дейін жеткізіледі. Осы пункттен кейін мұнай Германиядағы Шведт қаласындағы мұнай өңдеу зауытына бағытталады.

Мұнай тасымалының бұл бағыты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасында 2002 жылғы 7 маусымда жасалған келісім негізінде жүзеге асады.

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. “ҚазМұнайГаз” ҰК АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылады. Ұзындығы 5,2 мың шақырым магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісін иеленеді және ұзындығы 5 мың шақырымнан астам басқа ұйымдардың құбырларына операторлық қызметтер көрсетеді.

Компания алғаш рет 2023 жылғы қаңтарда «Дружба» мұнай құбыры арқылы Германияға сынақ тәртібінде мұнай жеткізуді бастады. 2023 жылы Германияға жеткізу үшін тасымалданған қазақстандық мұнай көлемі 993 мың тоннаны, 2024 жылы — 1,2 млн тоннаны, ал 2025 жылдың алғашқы бес айында — 767 мың тоннаны құрады.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**